

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 тамыздағы N 753 және 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 1223 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 26 маусымдағы N 618 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2008 - 2010 жылдарға арналған орта мерзімді жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 тамыздағы N 753 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2007 ж., N 32, 354-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2008 - 2010 жылдарға арналған орта мерзімді ж о с п а р ы н д а :

"2008 - 2010 жылдарға арналған қолданыстағы және әзірленетін мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалар бөлінісіндегі басымды бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізбесі" деген 5-бөлімде:

"Дамуға берілетін нысаналы трансферттер мен республикалық бюджеттен кредит беру есебінен қаржыландырылатын 2008 - 2010 жылдарға арналған басымды жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізбесі" деген кестеде:

"Астана қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2006 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы" деген кіші бөлімде:

р е т т і к н ө м і р 5 9 7 - ж о л д а :

7-бағанда "4025418" деген сандар "1847110" деген сандармен ауыстырылсын;

8-бағанда "3982850" деген сандар "6161158" деген сандармен ауыстырылсын;

р е т т і к н ө м і р 5 9 8 - ж о л д а :

7-бағанда "1000000" деген сандар "3178308" деген сандармен ауыстырылсын;

10-бағанда "36238640" деген сандар "34060332" деген сандармен ауыстырылсын;

Ескерту. 1-тармақтың 1) тармақшасының алтыншы және жетінші абзацтарында "565" және "566" деген сандар тиісінше "597" және "598" деген сандармен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2008.07.31. N 727 Қаулысымен.

2) "2008 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 1223 қаулысында :

көрсетілген қаулыға 3-қосымшада:

09 "Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану" функционалдық

т о б ы н д а :

231 "Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі"
ә к і м ш і с і б о й ы н ш а :

024 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне
жылу-энергетика жүйесін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері"
б а ғ д а р л а м а с ы н д а :

оның ішінде инвестициялық жобаларға:

Астана қаласының ЖЭО-2, жылу желілері мен энергожелі объектілерін кеңейту
және қайта жаңарту "4025418" деген сандар "1847110" деген сандармен ауыстырылсын;

Астана қаласының N N 7, 8 ст. қазандыагрегаттарын, N N 5, 6 турбоагрегаттарын
құруымен ЖЭС-2 және су жылыту қазандығын кеңейту және қайта жаңарту "1000000"
деген сандар "3178308" деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*